

"Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 20 қарашадағы № 314/НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 431/НҚ бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 20 қарашадағы № 314/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19637 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" ШЖҚ РМК-ға жіберуді ;

3) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі*

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

бұйрығымен бекітілген

Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағалары

№ р/с	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС-ты есепке алмағанда қызмет құны, теңге
1	Халықтың теле -, радиоарналарды қабылдау сапасын қоса алғанда, байланыс қызметтері сапасының параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындау, сондай-ақ радиожилік спектрінің, радиоэлектрондық құралдардың және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылардың мониторингі:		
1.1.	радиожилік спектрінің, радиоэлектрондық құралдардың және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылардың мониторингі бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	823 330 347
1.2.	байланыс қызметтерінің сапа параметрлерін өлшеу бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	204 883 110
1.3.	халықтың теле -, радиоарналарды қабылдау сапасының параметрлерін өлшеу бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	51 690 976
2	Қазақстан Республикасының радиожиліктер ресурстарын және орбиталық позицияларын халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық сүйемелдеу:		
2.1.	Қазақстан Республикасының орбиталық позицияларын халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық сүйемелдеу	1 спутниктік желі	4 004 445
2.2.	Қазақстан Республикасының Радиожиліктер ресурстарын (жерүсті радиоқызметтерін) халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық сүйемелдеу	1 радиобайланыс түрі	15 762 146
3	Радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігіне есептеу жүргізу:		

3.1.	радиорелелік станциялар	1 станция үшін 1 радиожилік	9 513
3.2.	стационарлық (базалық) ұялы байланыс станциялары	1 сектор үшін 1 станция	6 579
3.3.	теледидарлық хабар таратуға арналған радио таратқыш құрылғылар; эфирлік-кәбілді теледидар станциялары; дыбыстық (радио) хабарларды таратуға арналған радио таратқыш құрылғылар	1 станция үшін 1 радиожилік	4 450
3.4.	спутниктік байланыстың стационарлық (жердегі) станциялары	1 станция үшін 1 радиожилік	3 595
3.5.	с ы м с ы з радиокөлжетімділік жүйелерінің стационарлық (базалық) станциялары (WLL)	1 станция үшін 1 радиожилік	13 673
3.6.	ультрақысқатолқынды радиобайланысқа және УҚТ-диапазонына с ы м с ы з радиокөлжетімділік жүйелеріне арналған стационарлық қабылдау-тарату радиоэлектрондық құралдары; транкингітік радиобайланыс жүйесіне арналған қабылдау-тарату радиоэлектрондық құралдары; радиотелеметрияға арналған стационарлық (базалық) қабылдау-тарату станциялары; ұзын толқынды, орташа толқынды, қысқа толқынды диапазонға арналған стационарлық радиоэлектрондық құралдары	1 станция үшін 1 радиожилік	8 890
	Ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорын және абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқорын		

	калыптастыруды, жұмыс істеуді, сүйемелдеуді және дамытуды қамтамасыз ету , оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету:		
4.1.	Ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорына қол жеткізуді қамтамасыз ету	айына 1 қызмет	5 444 412
4.2.	Абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқор ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету:		
4.2.1.	ұялы байланыс операторларына	айына 1 қызмет	3 337 667
4.2.2.	қалааралық және халықаралық байланыс операторына	айына 1 қызмет	188 417
5	Радиоэлектрондық құралдар мен радиожилік берілімдер тізілімін (дерекқорын) жүргізуді техникалық қамтамасыз ету:		
5.1.	Радиоэлектрондық құралдар мен радиожилік тоқтауларының тізілімін (деректер базасын) жүргізуді техникалық қамтамасыз ету	жылына 1 қызмет	52 518 179